

## Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Ақтөбе облысының білім беру үйымдарының қаржы жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2024 жылғы 4 маусымдағы № 144 қаулысы

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Ақтөбе облысының білім беру үйымдарының қаржы жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

А. Шахаров

Ақтөбе облысы әкімдігінің

2024 жылғы 4 маусымдағы

№ 144 қаулысына қосымша

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, Ақтөбе облысының білім беру үйымдарының қаржы жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, Ақтөбе облысының білім беру үйымдарының (бұдан әрі - үйым) қаржы жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын (бұдан әрі - ынталандыру

ұстемеақылары) белгілеудің тәртібі мен шарттары, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің нормаларына, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес үйым қызметкерлерін қызметтік міндеттерін (лауазымды) міндеттерін тиісінше орындағаны үшін марапаттау, сондай-ақ өз функциялары мен тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауға материалдық қызығушылықтарын арттыру мақсатында әзірленген және білім беру үйымдарының қаржы қызметкерлеріне қатысты болады.

2. Үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру ұстемеақылары және олардың мөлшері Ақтөбе облысынан мәслихатының шешімі бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен белгіленеді.

## **2-тaraу. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын үйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру ұстемеақыларын белгілеу тәртібі**

3. Лауазымдық жалақыға ынталандырушы ұстемеақыларын белгілеу облыстық бюджеттен қаржыландырылатын үйымдардың дербес құрылымдық бөлімшелері басшыларының жазбаша ұсынысы негізінде Үйымның басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен жүргізіледі.

Жазбаша ұсынымды дербес құрылымдық бөлімшелер қызметкерінің тікелей басшысы мемлекеттік үйымның бірінші басшысына шығарады.

4. Ұсынымда қызметкердің тегі мен лауазымы, жәрдемақының негіздері мен мөлшері көрсетіледі.

5. Ұсынымды үйим басшысы құнтізбелік 20 қуннен аспайтын мерзімде қарайды.

6. Үйымның басшысы ұсынымды қарау нәтижесінде лауазымдық жалақыға ынталандыру ұстемеақысын белгілеуден бас тарту себептерін негіздей отырып келіседі немесе бас тартады.

7. Лауазымды лауазымдық жалақыға көтермелеге ұстемеақысын белгілеуден бас тартуға негіздер:

1) ұсынымның ынталандыру ұстемеақыларын белгілеуге қажетті мәліметтермен толық қамтылмауы: ынталандыру ұстемеақыларын белгілеу құқығын беретін қызметкердің қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер мен ынталандыру ұстеме ақы мөлшерінің көрсетілмеуі;

2) орындаушылық және еңбек тәртібін сақтамауы.

## **3-тaraу. Ынталандыру ұстемеақыларын белгілеу шарттары**

7. Ынталандыру үстемеақыларын белгілеу құқығын беретін қызметкердің қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

- 1) орындаушылық және еңбек тәртібін сақтау;
- 2) белгілі бір кезеңдегі жұмыс нәтижелеріне қол жеткізу;
- 3) лауазымдық міндеттерді үлгілі және мінсіз орындау, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау және жұмыстағы басқа да жетістіктер;
- 4) ұйымдардың одан әрі қалыпты (үздіксіз) жұмысы шұғыл орындалуына байланысты болатын шұғыл және алдын ала күтпеген жұмыстарды орындау;
- 5) егер уақытша болмаған жұмыскерді алмастырушы қызметкердің лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, қысқартылған және/немесе уақытша болмаған жұмыскерлердің функцияларын өзінің негізгі жұмысынан босамай орындау;
- 6) оған міндеттердің кеңейтілген шеңберін, жоғары кәсіби деңгеймен және құзыреттілікпен ұштастырылған жұмыстағы жеткілікті тәжірибе (өтіл) мен дағдыларды, оларды практикада табысты қолданумен, сондай-ақ басқа да көрсеткіштерді жүктеу;
- 7) бұдан басқа, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар құжаттармен жұмысты жүзеге асыратын қызметкерге лауазымдық жалақыға үстемеақы олардың орындалу көлеміне қарай, сондай-ақ оның кейбір құқықтарын шектегені және қосымша жауаптылығы үшін белгіленуі мүмкін;
- 8) үстемеақылар сондай-ақ мынадай объективті мән-жайларға байланысты қызметкерді тәмен ақы төленетін лауазымға (негұрлым женіл жұмысқа) ауыстыру (тағайындау) кезінде белгіленуі мүмкін: осы органда еңбек міндеттерін атқаруға байланысты алынған еңбек мертігуі, кәсіптік ауруы немесе денсаулығының өзге де зақымдануы еңбекке жарамдылығын қалпына келтіргенге, не мүгедектік белгіленгенге дейін.

8. Лауазымдық айлықақыларға ынталандыру үстемеақы жұмыскерлерге белгіленбейді:

- 1) алынбаған тәртіптік жаза болған кезде;
- 2) Ұйымда бір айдан кем жұмыс істегендерге;
- 3) сынақ мерзімінен өту кезеңіне;
- 4) лауазымның тиісті санатының функциялары уақытша орындалған жағдайда;
- 5) жұмыскерді материалдық жауапкершілікке тарту кезеңінде;
- 6) жұмыскердің еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде;
- 7) жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде;
- 8) оқу демалысы кезеңінде;
- 9) жүктілікке және баланың (балалардың) туылуына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс кезеңінде;
- 10) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде.

9. Ынталандыру үстемеақылары еңбекақының негізгі көрсеткіштерін, бюджет мүмкіндіктерін талдауға негізделе отырып және Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда жыл сайынғы негізде қайта қаралуы мүмкін.

10. Ұйымдар жұмыскерлердің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын төлеуге арналған бюджет қаражаты мемлекеттік ұйымды қаржыландыру жоспарында (даму жоспарында) әрбір қаржы жылында көзделуге тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК